

Оңтүстік Қазақстан облысының Кентау қаласының экономикасын дағдарыс жағдайынан шығару жөніндегі шаралар туралы

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің қаулысы 5 шілде 1994 ж. N 757

Оңтүстік Қазақстан облысының Кентау қаласының кәсіпорындары мен экономикасын дағдарыс жағдайынан шығару мақсатында Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлік жөніндегі мемлекеттік комитеті Қазақстан Республикасының Өнеркәсіп және сауда министрлігімен және "Қазақстан түсті металдары" Ұлттық акционерлік компаниясымен бірлесіп, Шалқия кен басқармасын "Ақсұңқар" Мемлекеттік холдинг компаниясының құрамына қосу туралы мәселені қарасын.

2. Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігі Қазақстан Республикасының Өнеркәсіп және сауда министрлігімен бірлесіп, "Сарыарқаполиметалл" өндірістік бірлестігінің кенін "Ащысай полиметалл комбинаты" акционерлік қоғамының кен байыту қуаттарында ұқсату үшін тасымалдауға жеңілдікті темір жол тарифтерін белгілеу мәселесін қарасын.

3. "Жолсерік" Мемлекеттік холдинг компаниясы белгіленген тәртіппен "Ащысай полиметалл комбинаты" акционерлік қоғамының балансына кәсіпорынның кен байыту фабрикаларында үздіксіз технологиялық процестерді қамтамасыз ететін темір жол кірме жолдарын, ғимараттар мен жылжымалы составты, сондай-ақ тар табанды темір жол желісін берсін.

4. Қазақстан Республикасының Өнеркәсіп және сауда министрлігі алтын шығатын Күмісті кен орнын өнеркәсіптік игеруге 1994-1995 жылдары "Алтыналмас" Ұлттық акционерлік компаниясының қаражаты есебінен "Ащысай полиметалл комбинаты" акционерлік қоғамына қаржылай жәрдем көрсетсін.

5. Қазақстан Республикасының Экономика министрлігі 1995 жылы Қазақстан Республикасының Экономикалық өзгерістер қоры есебінен қаржыландырылатын құрылыстар мен объектілердің тізбесіне "Ащысай полиметалл комбинаты" акционерлік қоғамның Күшата қалдық сақтау қоймасы құрылысын енгізісін.

6. Қазақстан Республикасының Экономика министрлігі, Қаржы министрлігі "Қазақстан Республикасының Экономикалық өзгерістер қоры қаржысын 1994 жылы пайдалану туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1994 жылғы 27 қаңтардағы N 105 қаулысымен көзделгендей мөлшерде 1994 жылдың екінші жартысында Шалқия кен басқармасының құрылысын басымдықпен қаржыландыруды қамтамасыз етсін.

7. <*>

ЕСКЕРТУ. 7-тармақтың күші жойылды - ҚРҰ-нің 1997.11.04. N 1488 қаулысымен. P971488_

8. Қазақстан Республикасының Су ресурстары жөніндегі мемлекеттік комитеті Қазақстан Республикасының Өнеркәсіп және сауда министрлігімен, Қаржы министрлігімен, Экология және биоресурстар министрлігімен, басқа да мүдделі министрліктермен және ведомстволармен бірлесіп, Мырғалымсай кен орнында суды ағызу режимінің өзгеруі салдарынан қалыптасып отырған экологиялық жағдайды ескеріп, Оңтүстік Қазақстан облысының Түркістан ауданында су ресурстарын пайдалану жөнінде бір айлық мерзімде ұсыныс енгізсін.

9. Қазақстан Республикасының Өнеркәсіп және сауда министрлігі, "Қазақстан түсті металдары" Ұлттық акционерлік компаниясы барлық мүдделі министрліктердің және ведомстволардың қатысуымен Мырғалымсай кен орны кеніштерін тоқтатудың және Мырғалымсай кен орны кеніштерін толық немесе ішінара су алу кезінде болуы ықтимал экологиялық және кен-геологиялық зардаптарды бағамдап, "Ащысай полиметалл комбинаты" акционерлік қоғамының Байжансай кенішін жою жобаларын әзірлесін.

Қазақстан Республикасының Экология және биоресурстар министрлігі, Геология және жер қойнауын қорғау министрлігі осы жобаларды белгіленген тәртіппен қарасын және олар жөнінде тиісті тұжырым жасасын.

10. Қазақстан Республикасының Еңбек министрлігі Қазақстан Республикасының Өнеркәсіп және сауда министрлігімен бірлесіп, "Ащысай полиметалл комбинаты" акционерлік қоғамының аталған кеніштерін тоқтату және жою салдарынан босайтын білікті мамандарды қолданылып жүрген заңдарға сәйкес олар үшін өзара тиімді шарттармен республиканың басқа кен қазу кәсіпорындарында және одан тыс жерлерде пайдалану және әлеуметтік қорғау туралы мәселені шешсін; бұрынғы тұрғылықты орнында қалуға тілек білдірген мамандарды жаңа кәсіптерге қайта оқыту мен қайта даярлауға жәрдем көрсетсін.

11. Қазақстан Республикасының Экономика министрлігі Түркістан қаласындағы мақтадан жіп иіру объектілерінің құрылысы орнына "Южшахтострой" тресінің салынып бітпеген өндірістік корпусында және Кентау қаласындағы трансформаторлар зауытында осындай өндіріс қуаттарын 1995 жылы іске қосуды ұйымдастыруды көздеп, Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1994 жылғы 27 қаңтардағы N 105 қаулысын өзгерту жөнінде ұсыныс енгізсін.

12. Шахтадан су айдау кешенін қаржыландыру жөнінде шаруашылық операцияларын жүргізу үшін, оны қаржыландыру көзінің мәселесі шешілгенге дейін "Ащысай полиметалл комбинаты" акционерлік қоғамына арнайы жеке есепшот ашуға және осы қаулының 7-9 тармақтарын жүзеге асыруға рұқсат етілсін.

13. Қазақстан Республикасының Экономика министрлігі, Қаржы министрлігі

белгіленген тәртіппен жоғарыда аталған кешенді пайдалану жөніндегі шығындарды өтеу көздерін айқындасын.

Қазақстан Республикасының
Премьер-министрі

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК